

«Даналық мектебі» клубының 2024–2025 оқу жылындағы атқарылған жұмыстары бойынша есеп

2024–2025 оқу жылы барысында мектебімізде «Даналық мектебі» клубының жұмысы жүйелі түрде ұйымдастырылып, ұлттық тәрбие мен отбасылық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған бірқатар іс-шаралар өткізілді. Клуб жұмысының негізгі мақсаты – оқушылар бойына адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру, үлкенді сыйлау, ата-ананы құрметтеу, салт-дәстүрді насихаттау және отбасы тәрбиесінің маңызын түсіндіру болды.

Жыл көлемінде өткізілген іс-шаралар барысында ата-аналар, ата-әжелер, ағалар, педагогтер мен оқушылар арасында өзара ынтымақтастық орнатылып, тәрбиелік бағыттағы жұмыстар кеңінен жүргізілді. Атап айтқанда, «Жеті атасын білген ұл – жеті жұрттың қамын жер» тақырыбында аталар мектебінің алғашқы отырысы өткізілді. Іс-шара барысында жеті ата ұғымының тәрбиелік мәні, шежіренің маңызы, ұрпақ сабақтастығы туралы кеңінен түсіндіріліп, оқушылар өз ойларын ортаға салды. Аталар бала тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтардың орны туралы тағылымды әңгімелер айтты.

Сонымен қатар, «Бабалар дәстүрі – ұрпаққа өсиет» тақырыбында ата-әжелермен кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында оқушылар халқымыздың салт-дәстүрлері, бата беру, ырым-тыйымдар, отбасы тәрбиесі жайлы мағлұмат алды. Ата-әжелер өз өмірлік тәжірибелерімен бөлісіп, жас ұрпаққа ақыл-кеңестерін берді. Оқушылар тарапынан ұлттық өнер көрсетіліп, концерттік бағдарлама ұсынылды.

Әжелер мектебі аясында «Ертегі – танымның көзі» атты тәрбиелік іс-шара өткізілді. Шара барысында ертегінің бала тәрбиесіндегі орны, ұлттық дүниетанымды қалыптастырудағы маңызы айтылды. Оқушылар сүйікті ертегілерін айтып, сұрақ-жауап арқылы белсенділік танытты. Сонымен бірге «Ырым-тыйым – әдептіліктің негізі» тақырыбында кездесу ұйымдастырылып, қазақ халқының ырымдары мен тыйым сөздерінің тәрбиелік мәні түсіндірілді. Әжелер оқушыларға ұлттық тәрбие, әдептілік, инабаттылық туралы тағылымды әңгімелер айтты.

«Ағасы бардың – жағасы бар» тақырыбындағы кездесу барысында аға мен іні арасындағы сыйластық, жауапкершілік, қамқорлық мәселелері қозғалды. Кездесуге арнайы қонақтар қатысып, оқушыларға өмірлік тәжірибелерімен бөлісті. Шара барысында оқушылар сұрақтар қойып, өнерлерін көрсетті.

Қыз балалар тәрбиесіне ерекше көңіл бөлініп, «Қыз ғұмырдың құпиялары» және «Қыздар білуге тиіс» тақырыптарында тәрбиелік кездесулер өткізілді. Іс-шараларда қыз бала әдебі, адамгершілік, тазалық, ұлттық тәрбие, жеке бас гигиенасы, қауіпсіздік ережелері, буллингтің алдын алу мәселелері талқыланды. Мамандар мен педагогтер оқушыларға пайдалы кеңестер беріп, түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында «Даналық мектебі» ағалар клубының ұйымдастыруымен волейбол жарысы өткізілді. Жарысқа 4 команда қатысып, белсенді ойыншылар түрлі номинациялар бойынша марапатталды. Іс-шара оқушылар мен ата-аналар арасында достық қарым-қатынасты нығайтып, спортқа деген қызығушылықты арттырды.

Жалпы, «Даналық мектебі» клубының жұмысы оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға, отбасылық құндылықтарды дәріптеуге, тәрбиелік мәдениетін дамытуға үлкен ықпал етті. Өткізілген іс-шаралар барысында оқушылар белсенділік танытып, үлкендерден өнеге алып, рухани-адамгершілік бағытта мол тәлім-тәрбие алды. Алдағы уақытта да клуб жұмысы өз жалғасын тауып, тәрбиелік маңызы бар іс-шаралар тұрақты түрде ұйымдастырылатын болады.